

"Құркелес ауылдық округі Еңкес ауылының Ш.Қалдаяқов көшесінде шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" ауылдық округ әкімінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 62 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы Құркелес ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 8 қазандағы № 76 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37 бабы 8-тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Оңтүстік Қазақстан облыстық аумақтық инспекциясының Сарыағаш аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2015 жылғы 5 қазандағы № 02-17/258 (02-16) ұсынысы негізінде **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Құркелес ауылдық округі, Еңкес ауылы, Ш.Қалдаяқов көшесінде шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" ауылдық округ әкімінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 62 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3327 тіркелген, 2015 жылғы 4 қыркүйекте "Сарыағаш" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Құркелес ауылдық округі әкімінің орынбасары Х.Байболаевқа жүктелсін.

*Құркелес ауылдық
округінің әкімі*

А.Рахимбердиев